

Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне сайлау заңдары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 583 Заңы

Қазақстан Республикасының мына заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1997 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 15-16, 211-құжат; 1998 ж., N 16, 219-құжат; N 17-18, 225-құжат; 1999 ж., N 20, 721-құжат; N 21, 774-құжат; 2000 ж., N 6, 141-құжат; 2001 ж., N 8, 53, 54-құжаттар; 2002 ж., N 4, 32, 33-құжаттар; N 10, 106-құжат; N 17, 155-құжат; N 23-24, 192-құжат; 2003 ж., N 15, 137-құжат; N 18, 142-құжат; 2004 ж., N 5, 22-құжат):

1) 1 4 6 - б а п т а :

бірінші бөлікте "кандидаттарды" деген сөз "кандидатты, партиялық тізімдерді" деген сөздермен ауыстырылсын;

е к і н ш і б ө л і к т е :

б) тармағында "өзінің" деген сөзден кейін "лауазымын немесе" деген сөздермен толықтырылсын;

мемлекеттік тілдегі мәтін бойынша в) тармағындағы "жасалса -" деген сөзден кейінгі сызықша алып тасталып, нүктелі үтір қойылсын, мынадай мазмұндағы г) тармағымен толықтырылсын:

"г) электрондық сайлау жүйесінің жұмыс істеуінің белгіленген тәртібін бұзу жолымен жасалса, -";

2) 1 4 7 - б а п т а :

б і р і н ш і а б з а ц т а :

"Сайлау" деген сөздің алдынан "1." деген цифрмен толықтырылсын;

"бастамашы топтың немесе" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"2. Электрондық сайлау жүйесінің жұмыс істеуінің белгіленген тәртібін бұзу жолымен жасалған дәл сол әрекеттер, - жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады."

2. 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 18, 644-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 10, 244-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 15-16, 239-құжат; N 21-22, 281-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 10, 49-құжат; N 14, 109-құжат; N 15, 138-құжат; 2004 ж., N 5, 25-құжат):

1) 28-баптың бірінші бөлігінің 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
"4) облыстық (республикалық маңызы бар қалалардың және астананың) сайлау комиссияларының, сондай-ақ облыстық (республикалық маңызы бар қалалардың және астананың) референдум комиссияларының шешімдері мен әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) дау айтуы туралы азаматтық істерді қарайды.";

2) 29-баптың бірінші бөлігінің 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
"2) Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының шешімдері мен әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), сондай-ақ Орталық референдум комиссиясының шешімдері мен әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) дау айтуы туралы істерді қарайды.";

3) 273-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:
"Сайлаушылардың (таңдаушылардың) тізімдеріндегі түзетулер қажеттігі туралы сайлау комиссиясының шешіміне шағым жасау туралы арыз келіп түскен күні қаралуға тиіс.";

4) 274-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
"1. Арыз негізді деп танылған сот шешімі бұзылған сайлау құқығын қалпына келтіру үшін негіз болып табылады."

3. 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 5-6, 24-құжат; N 17-18, 241-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 33-құжат; N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 4, 25-құжат; N 5, 30-құжат; N 11, 56, 64, 68-құжаттар; N 14, 109-құжат; N 15, 122, 139-құжаттар; N 18, 142-құжат; N 21-22, 160-құжат; N 23, 171-құжат; 2004 ж., N 6, 42-құжат; 2004 жылғы 12 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне дәрілік заттар айналымы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" 2004 жылғы 6 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 99-баптың екінші абзацындағы "бестен", "онға", "жиырмадан" және "отызға" деген сөздер тиісінше "оннан", "он беске", "жиырма бестен" және "отыз беске" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) мынадай мазмұндағы 99-1-баппен толықтырылсын:

"99-1-бап. Сайлау алдындағы үгіт жүргізу құқығына кедергі келтіру

Президенттікке, депутаттыққа немесе өзге де сайланбалы қызметтерге кандидаттарға, олардың сенім білдірген адамдарына, саяси партияларға олардың сайлау алдындағы үгіт жүргізу құқығын іске асыру процесінде кедергі келтіру - азаматтарға - айлық есептік көрсеткіштің оннан он беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - он бестен жиырма беске дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға жиырма бестен отыз беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

3) 1 0 0 - б а п т а :

тақырыбы және бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"100-бап. Кандидаттар, саяси партиялар туралы көрінеу жалған мәліметтер тарату

Кандидаттар, саяси партиялар туралы көрінеу жалған мәліметтер тарату немесе сайлаудың нәтижесіне ықпал ету мақсатында олардың абыройы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін өзге де іс-әрекеттер жасау - ";

екінші абзацта "оннан", "он беске", "он бестен", "жиырма беске" және "жиырма бестен" деген сөздер тиісінше "он бестен", "жиырма беске" "жиырма бестен" "отыз беске" және "отыз бестен" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 1 0 1 - б а п т а :

тақырыбындағы "байқаушының" деген сөз "сенім білдірілген адамның және байқаушының" деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші абзацтағы "депутаттыққа немесе өзге де сайланбалы қызметке кандидаттың сенім білдірген адамының, байқаушының" деген сөздер "сайлаудағы кандидаттардың, саяси партиялардың сенім білдірілген адамдарының және байқаушылардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзацтағы "оннан" және "жиырма беске" деген сөздер тиісінше "он бестен" және "отыз беске" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) мынадай мазмұндағы 102-1-баппен толықтырылсын:

"102-1-бап. Сайлаушылар туралы дәйектемесіз деректер, сондай-ақ сайлаушылардың дәйектемесіз тізімдерін беру

1. Лауазымды адамдардың жергілікті атқарушы органдарға сайлаушылардың тізімдерін жасау үшін сайлаушылар туралы дәйектемесіз деректер беруі - айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырма беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Жергілікті атқарушы органдар лауазымды адамдарының тиісті сайлау комиссиясына сайлаушылардың дәйектемесіз тізімдерін беруі - айлық есептік көрсеткіштің жиырма бестен отызға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

6) 103-баптың екінші абзацындағы "оннан" және "жиырмаға" деген сөздер тиісінше "он бестен" және "жиырма беске" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 105-баптың екінші абзацындағы "оннан", "жиырма беске", "жиырма бестен" және "елуге" деген сөздер тиісінше "жиырмадан", "отызға", "отыздан" және "алпыс беске" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 107-баптың екінші абзацындағы "бестен" және "онға" деген сөздер тиісінше "оннан" және "он беске" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 108-баптың екінші абзацындағы "онға" және "елуге" деген сөздер тиісінше "он беске" және "елу беске" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) мынадай мазмұндағы 108-1, 109-1, 110-1-баптармен толықтырылсын:

"108-1-бап. Сайлау қорларынан бөлек, сайлау науқанын қаржыландыру немесе оған өзге де материалдық көмек көрсету

Кандидаттарға, партиялық тізімдер ұсынған саяси партияларға олардың сайлау қорларынан бөлек қаржылық немесе өзге де материалдық көмек көрсету - азаматтарға - айлық есептік көрсеткіштің он бестен жиырма беске дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға отыздан елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

"109-1-бап. Жеке және заңды тұлғалардың кандидаттарға, саяси партияларға олардың жазбаша келісімінсіз қызмет көрсетуі

Жеке және заңды тұлғалардың кандидаттарға, саяси партияларға олардың сайлау алдындағы қызметіне байланысты олардың жазбаша келісімінсіз қызмет көрсетуі - азаматтарға - айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

"110-1-бап. Сайлауға байланысты қоғамдық пікірге сұрау салу ісін жүргізу шарттарын бұзу

1. Қазақстан Республикасының сайлау туралы заңдарында көзделген қоғамдық пікірге сұрау салу нәтижелерін, сайлау нәтижелері болжамдарын, сайлауға байланысты өзге де зерттеулерді жариялау тәртібін бұзу - азаматтарға - айлық есептік көрсеткіштің он беске дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға жиырмадан отызға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Сайлау күні дауыс беруге арналған үй-жайда немесе дауыс беруге арналған пунктте қоғамдық пікірге сұрау салу ісін жүргізу - азаматтарға - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға жиырмадан жиырма беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады." ;

11) 637-баптың бірінші бөлігінде "89-110" деген цифрлар "89-110-1" деген цифрлармен ауыстырылсын.

4. "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 3, 17-құжат; N 9, 86-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 10, 103-құжат; 2004 жылғы 14 мамырда "Егемен Қазақстан" және 2004 жылғы 15 мамырда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан

Республикасының кейбір заң актілеріне жергілікті мемлекеттік басқару мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2004 жылғы 11 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

6-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

"7-1) Қазақстан Республикасының сайлау туралы заң актісіне сәйкес аумақтық, округтік және учаскелік сайлау комиссияларының мүшелерін жасырын немесе ашық дауыс беруді өткізу жолымен сайлау;"

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК